



ӘОЖ 399.1 (83)

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРКТЕР – ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ

А.Н.Отарова

*ф.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: akmaral.otarova@yu.edu.kz*

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында білім-ғылым-өндіріс байланысын орнатуға бағытталған білім берудің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру, әр түрлі профильді ғылыми-инновациялық орталықтар, жаңа технопарктер құру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Білікті маман даярлау – елдің экономикалық өсімінің негізі. Осыған байланысты мемлекет колледждер мен техникалық университеттерді заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмыспен қамту механизмдерін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұмысшы мамандықтарына қатысты саясаты аясында кәсіптік-техникалық білім беруді жетілдіру, өндірістік кәсіпорындармен серіктестікті күшейту және жастарды еңбекке баулу шаралары күшейтілуде. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру – стратегиялық маңызды міндеттердің бірі. Жұмысшы мамандықтары еңбек нарығында барынша бағаланатын заманауи трендке айналуда, себебі олар жаңа технологиялармен тығыз байланысты және табыс еңгейі де жақсы болмақ. Бұл бастама жастарға өз болашақтарын саналы түрде таңдауға мүмкіндік беріп, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға жол ашады. Жұмысшы мамандықтарын дамыту – ел экономикасының тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың маңызды факторы екені сөзсіз.

Технопарктер өндіріс пен ғылымды барынша жақындастыру жағдайында ғана мүмкін болатын, республикамызда құрылған ұлттық инновациялық жүйенің негізін қалаушы элемент болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет рөлі экономиканы дамытуда тек қана саясатты қалыптастырумен шектелмейді, сонымен қатар макроэкономикалық тұрақтылықты қолдап, шаруашылық субъектілер қызметін реттейді. Ол экономикалық үрдістерде стратегиялық және үйлестірушілік функцияларды қарастыруы қажет. Бұл функцияларды іске асыру механизмдері даму институттары, технопарктер, конструкторлық бюролар, арнайы экономикалық аймақтар болып табылады.



Дамыған елдер тарихына көз жүгіртсек, технопарктердің құрылуына елдегі экономикалық дағдарыс себеп болған (мысалға АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия). Себебі технопарктер дағдарыстық жағдайдан табысты шығу мен экономикалық әлеуетті жаңартудың тиімді механизмі болып, техно-парктердің қызметі нәтижесінде жүздеген жаңа жұмыс орындары ашылып, аймақтардың әлауқаты артқан. Ғылыми-техникалық потенциал кез-келген мемлекеттің өркендеуінің кепілі. Экономикалық дамудың, мемлекет көркеюінің негізгі жолы ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Инновациялар және жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Қазіргі таңда ел экономикасы дамуының шешуші факторлары ғылым мен инновациялық технологиялар екеніне күннен-күнге көз жеткізіп келеміз.

Бүкіл әлемде озық технология мен техниканы насихаттайтын 1951 жылы Калифорнияда құрылған дүние жүзіндегі ең алғашқы технопарк – АҚШ-тағы «Силикон аңғарының» пайда болуына негіз болды. Өткен ғасырдың 80-жылдары технопарктер тек АҚШ, Еуропада емес, Канада, Сингапур, Австралия, Бразилия, Индия, Қытай, Жапонияда да құрыла бастады. Қазақстанда қазіргі уақытта технопарктердің аймақтық аспектісі кеңінен дамуда.

Бүгінгі таңда елдің толыққанды инновациялық қызметі ғылыми және инновациялық орталықтар мен парктер, идеялар инкубаторы, алдыңғы қатарлы технологиялар орталықтары, технологиялық полистер, сараптамалар сынды жаңа аймақтық шаруашылық құрылымы негізінсіз дами алмайды. Олардың бәрі әлемнің жетекші индустриалдық аймақтарында жасалып, мамандандырылған инновациялық құрылым негізін құрайды. «Ғылыми-технологиялық парк» ұғымы ірі инновациялық құрылымды анықтайтын жалпылама негізінде қолданылады. Олардың даму жолындағы айырылмас шарты ішкі транспорттық коммуникациялар, әуежайлар мен халықаралық желілерге жақындығы – ыңғайлы экономикалық-географиялық орналасуы, венчурлік капитал нарығы және білікті жұмысшылар күшінің, ғылыми-техникалық әлеуеті болуы табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев технопарктер құрудың маңыздылығын бірнеше рет атап айтқан болатын.

Технопаркті іске қосу идеясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың университет ғылымын жүйелі дамытудың маңыздылығы, инновациялық технологияларды экономикаға интеграциялау және еліміздің жоғары оқу орындарында бизнес-инкубаторларды, коммерцияландыру орталықтарын,



технопарктер мен конструкторлық бюроларды құру туралы тапсырмасын орындау аясында іске асырылды.

Осы талаптарға сәйкес, Ш.Есенов атындағы КТИУ-де «Yessenov Technopark» кешені жаңа нысаны ашылған болатын.

«Жаңадан ашылған сан салалы технопарк кәсіпкерлерге, университет пен колледж студенттеріне және мектеп оқушыларына арналған. Мұнда олар өз идеяларын жүзеге асырып, стартап жобаларымен жұмыс істей алады. Сонымен қатар, токарь, дәнекерлеуші сияқты жұмысшы мамандықтарды меңгеру мүмкіндігі бар.

2000 шаршы метр аумақта орналасқан екі қабатты ғимарат заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бірінші қабатта робототехника, цифрлық өндіріс, металл және ағаш өңдеу шеберханалары жұмыс істейді. Бірінші қабатта робототехника, цифрлық өндіріс, металл және ағаш өңдеу шеберханалары орналасқан.

Екінші қабатта жасанды интеллект, ойын әзірлеу, блокчейн, криптовалюта, мобильді қосымшалар және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша білім беріледі.

«Өндіріс – университет – ҒЗИ – компания» моделімен құрылатын технопарктер аталған элементтер ара-сындағы синергетикалық байланыс орнатып, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді енгізуді ынталандырып, тек аймақ қана емес, жалпы мемлекеттің экономикалық әл-ауқатын көтеруге үлкен үлес қосады. Сол себептен технопарктер қызметін сауатты ұйымдастыру, табысқа жетелейтін бірнеше факторларды үйлестіре білу өте маңызды болып табылады. Осылайша, алдағы бес жылда технопарк еліміздің инновациялық жүйесінің маңызды элементі болуы мүмкін.

Технопарктің негізгі миссиясы – инновациялық кәсіпкерліктің дамуы мен жүзеге асуы үшін қолайлы жағдай жасау, ықтимал іскерлік серіктестіктерді іздеу, инновациялық ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру үшін инвесторларды тарту және сапалы консалтингтік қызмет көрсету. Технопарк қызметі Ш.Есенов атындағы КТИУ-нің жоғары білікті бәсекеге қабілетті маман дайындау жөніндегі қызметімен ұштасып жатыр.

Технопарк – өңір жастары мен кәсіпкерлері үшін ғылым мен бизнесті біріктіретін, стартаптарды қолдайтын және инновациялық технологияларды дамытуға бағытталған заманауи инфрақұрылымдық алаң. Бұл орталық жаңа идеяларды жүзеге асыруға атап айтқанда, жаңа стартап жобаларға, IT бағдарламаларына және бизнес-идеяларға арналған арнайы коворкинг орталықтары мен зертханаларды ашуға және кәсіпкерлік әлеуетті арттыруға мүмкіндік бермек.



Университетте жұмысшы мамандықтарын игерудің жаңа мүмкіндіктері – кәсіпорындармен тікелей серіктестік, қысқа мерзімді **reskilling/upskilling** курстары, дуальды оқыту жүйесі және цифрлық технологияларды (мысалы, робототехника, дрондарды басқару) заманауи өндіріс талаптарымен ұштастыру.

Университет қабырғасында жұмысшы мамандықтарын игерудің басты артықшылықтары мен жаңашылдықтары:

Дуальды оқыту жүйесі: Студенттер аптаның белгілі бір күндерін университетте теория оқуға, ал қалған уақытын тікелей зауыттар мен кәсіпорындарда тәжірибе жинақтауға арнайды. Бұл жұмысқа ерте орналасуға жол ашады.

Қосымша білім беру орталықтары: Жоғары оқу орындары базасында студенттер өздерінің негізгі мамандығына қосымша сантехник, электрик, токарь, дәнекерлеуші, тігінші немесе цифрлық модельдеуші сияқты сұранысқа ие жұмысшы біліктіліктерін қатар алып шыға алады.

Жаңа цифрлық дағдылар (Upskilling): Заманауи жұмысшы мамандықтары тек физикалық еңбек емес, цифрлық сауаттылықты талап етеді. Мысалы, инженерлер мен жұмысшылар үшін 3D басып шығару, CNC (ЧПУ) станоктарын басқару және дрондарды диагностикалау сияқты трендтер оқу бағдарламаларына енгізілген.

Өндірістік шеберханалар (Workshop): Ірі кәсіпорындар (қалаңыздағы және өңірдегі металлургия, энергетика, құрылыс салалары) университет жанынан арнайы зертханалар ашып, студенттерді нақты жұмыс процесіне дайындайды.

• **Халықаралық платформалар:** Еліміздің көптеген университеттері Coursera сияқты халықаралық платформалармен бірігіп, жұмысшы мамандықтарына қажетті техникалық, кәсіпкерлік және IT дағдыларын тегін меңгеруге мүмкіндік береді.

Жұмысшы мамандықтары еңбек нарығында барынша бағаланатын заманауи трендке айналуға, себебі олар жаңа технологиялармен тығыз байланысты және та.